Қазақстан Республикасының конституциялық реформалары: құқықтық мемлекетті нығайту жолы.

Құқықтық мемлекет – заң үстемдігі жоғары орнатылған, әділетті билік міндет ретінде берілген мемлекет. Билік жүйесі үш сатыдан құралған, және әрбіреуі өз функциялары мен міндеттерін заң жүзінде барлық құқықтық нормаларға сай сақталуын қадағалайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-ші бабында, Қазақстан – тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет туралы айтылғаны белгілі. Сонымен, оны дамытуда, елдегі тұрақтылықты сақтауға арналған мыңдаған астам заңдар, стратегиялар мен реформалар енгізілген. Оның әрбірі халықтың, мемлекеттің нығайтуына орасан зор пайда әкелуде. Күтпеген жағдайлар мен мәселелер туындаған кезде де, алдын ала қарастырылған жоспарлар да бар. Бұл мемлекеттің үлкен жауапкершілігін айқындайды.

Сонымен қатар, билік жүйесінің әділетті жұмыс істеуі, бастамасын жасап қоюы өте маңызды. Яғни, халықтың билікке сенімі болса, заңға бағынуы, оларды бұзбауға және басқа мүмкіндіктерге ие бола алады. Не дегенмен, халық пен мемлекет тығыз байланыста. Тек халықпен байланыс таба алып, орнатылса алға қарай қадам баса аламыз.

Құқықтық мемлекетті нығайтуда тұрақтылықпен әділеттіліктің байланысты. Сондықтан, республика-

ны дамытуға 2022 жылы 5 маусымда референдум өткен. Оның басты мақсаты "Әділетті - Қазақстан" болған. Сонда, заңдардың жаңартылуын, олардың үстемдігі мен сақталуын қадағалау маңыздылығын айтып кеткен. Осы жоспар Қазақстанның одан әрі қуатты дамуының бастамасы болады деген үміттемін.

Менің ойымша, болашақ ұрпақтың тәрбиесі, қоғам ішіндегі мәселелерді шешу, тиісті іс-шаралар мен жазалар беру де үлкен рөл атқарады. Мысалға, 2015 жылы жемқорлық іс-әрекеттеріне қарсы заң. Жемқорлық - елді ішінен іритетін дерт. Ол тек қана жалғыздың сезімін емес, экономикалық және әлуметтік мәселелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан да, осындай заңдардың енгізуі бір шама көмек көрсетуде.

Қорытындылай келе, әділеттілік, тұрақтылық пен заң үстемдігі құқықтық мемлекеттің сипаты мен әрі қарай даму жолын көрсетеді. Мемлекеттің көркеюі мен әрі қарай дамыған елдер қатарына қосылуы тек біздің қолымызда. Әрбір істелінген оң немесе теріс іс-әрекет біздің дамуымызға, болашағымызға өзіндік жеріштігізеді.